Құтымова Г.Н.

Қоғамдық – идеологиялық айналым

Мақалада отандық телеарналардың бәсекелестік қабілетін күшейту, шығармашылық, рухани, техникалық міндеттерді сапалы жүзеге асыру жайлы мәселелер қарастырылды.

Түйін сөздер: телекеңістік, инновациялық технологиялар, саяси идеология, электронды ақпарат.

Kutymova G.N.

Social – ecological circle

In most developed countries of the West, that the consequences of the spiritual education of the younger generation has long been banned. Speaking of modern electronic media, since the end of the last century to forgive any political, ideological and technical changes to get this concept. After all, learning about the past, present and future can not balance properly until strengthen the competitiveness of domestic TV channels were discussed creative, spiritual and technical quality of the implementation of the goals.

Key words: Telepronstranstvo, innovative technologies, political ideology, elektornny information.

Құтымова Г.Н.

Общественный – идеологический круг

Изменились современные электронные медианосители, которые повлияли на содержание и форму их выражения. Узнавая о прошлом, настоящем и будущем СМИ, мы не сможем сбалансировать их развитие, укрепляя конкурентоспособность отечественных телеканалов, улучшая творческое и техническое качество.

Ключевые слова: Телепространство, инновационные технологии, политическая идеология, электронная информация.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 070

Құтымова Г.Н.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: gnurgalievna@mail.ru

ҚОҒАМДЫҚ – ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ АЙНАЛЫМ

Қазақстанның ақпараттық кеңістігін шетелдердің телеөнімдерінен оқшаулау жөніндегі ұсыныстарға келсек, оны осы пікірлерді қозғаушылардың деңгейінде қостау қиын . Әлем саяси, әлеуметтік-рухани қарым-қатынастарды күшейтіп жатқан шақта, адамзаттың барлық салада ортақ күш-жігер жұмсай отырып дамитыны уақыт өткен сайын дәлелдене түскен ынтымаққа зәру заманда, ақпараттық оқшаулану қолыңды жіпсіз байлаумен бірдей. Біз ғаламдағы өзгерістерге жаһанға танылған телеарналар арқылы қанып келеміз. Сыртқы дүние қалай құбылуда, қандай саяси ағымдар белең алуда, экономикалық бағыт-бағдарламалардың астарында нендей тың ой-идеялар бар, адамзаттық мәдениет қандай құнды шығармашылық туындылармен байытылуда деген алуан түрлі сауалдарға соларды көріп-тыңдау арқылы жауап табамыз.

ХХ ғасырдың 1989 – 1990 жылдарында идеялық және шығармашылық жаңаруға талпына бастады. Осы тұста жариялылықтың күшіне енуі тележурналистерге кеңестік тар идеологияның шеңберінен шығып, ұлттық мүдде туралы айту, ойды ашық білдірудің халықаралық ақпараттық тәжірибелерін баяу да болса игеру, қоғамдық пікірмен есептесу секілді қадамдарға баруға мүмкіндік туғызды. Ел экраннан ақиқат іздей бастады. 1990-1992 жылдары осы үрдіс белең ала келе «тәуелсіз арна» деген бізге мүлде беймәлім ұғымды қоғамдық-идеологиялық айналымға енгізді. Мемлекеттік телерадионың ықпалы төмендеп, сол жылдары пайда болған «КТК» секілді тәуелсіз арналардың беделі күрт өсті. Олар жаңалықтарды жедел және жиі бере білуімен, сол тұстағы саяси-экономикалық өзгерістерді батыл сынай алуымен дараланды. Сонымен бірге Батыстың дөрекі, арсыз өнімдерін талғамсыз жамыратып жіберді [1]. Шет елдердің бұқаралық ақпарат құралдары республиканың рухани әлеміне лицензиясыз емін-еркін ене бастады.

Дамыған елдерде телевидение түрлі оңтайлы реформаларды сәтті жүзеге асырып, шын мәніндегі төртінші билікке айналған тұста еліміздегі мемлекеттік электронды ақпарат құралдары өзінің тарихындағы ең қиын кезеңде тұрды. Кеңестік кезеңнен қалған ескі телетехникаға ие, халыққа ақпарат ұсынудың әбден көнерген жанрларына ғана бейім, кенжелеп қалған режиссураны өзгертуге қабілетсіз ұжымдар шығармашылық

дағдарысқа ұшырады[2]. Сол тұста олардың үлгі алатын мектебі де жоқ еді. Бірен-саран жаңа ізденістердің жүзеге асуына ескірген құралжабдық пен жұтаң материалдық база мүмкіндік бермеді. Осындай ақпараттық күрделі кезеңде жағдайды бірден болмаса да біртіндеп жақсарту қажет еді. Республиканың ақпарат саласын жетілдіру міндеті жүктелген мемлекеттік органдардың жұмысына Президенттің тікелей араласуына тура келді. «Демократияның, Қазақстанның бүкіл прогресшіл даму перспективасының тағдыры бұқаралық ақпарат құралдарының қалай дамитынына тікелей байланысты болмақ» деген бағдарламалық ой-байлам нақ осы кезеңде, 1993 жылы айтылған болатын. Бұл тұс елімізде стихиялы түрде жүріп жатқан ақпараттық құбылыстарға биліктің бой салып араласуымен айқындалады. «1993-1996 жылдар аралығында республикада «31» телеарна секілді бірнеше жекеменшік студиялар пайда болды. Тәуелсіз Қазақстанның жалпыхалықтық мүддеге қызмет етуді мақсат еткен «Хабар» телеарнасы эфирге шықты. «Қазақстан телерадиокорпорациясы» құрылымдық шығармашылық жағынан жаңа қоғамға бейімделу жолында болды. Ұлттық бағыттағы кең тынысты, тарихи негізді бағдарламалар соның еншісіне тиді.[3] Осы кезең Қазақстандағы қазіргі электронды ақпарат құралдарының мазмұндық (идеологиялық деп те айтуға болар) жағынан ерекшеленуінің алғашқы кезеңі болды.

Қазақстан сөз бостандығын алғаш тәуелсіздік алған күндерден бастап демократиялық – рухани дамудың қайнар көзі ретінде құрметтей отырып, қажетті алғышарттардың бәрін жасай алды[4]. Мемлекет бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде Еуропа журналистикасы баяғыда бастан кешірген, бүгінде осы құрлық үшін күлкілі болып табылатын аудиторияны еліктірудің арзан жолдары: деректерді арнайы бұрмалау, жеке көзқарасын таңу, жұртты қызықтыру үшін оқиғаларды ойдан құрастыру, жаңалық атаулының бәріне оппозициялық пиғылда болу тәрізді қадамдарын сабырлылықпен реттеу бағытын ұстанды. Президенттің 1997 жылғы 3 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының біртұтас ақпарат кеңістігін қалыптастыру туралы» Жарлығында мемлекеттік коммуникациялық орта құру арқылы БАҚ-тың қызметін жетілдірудің жолдары кең де нақты аталып көрсетілді. Республиканың ақпарат кеңістігін саясиландыруға болмайтындығына, әлемдік тәжірибелердің үздік үлгілеріне ұмтыла отырып, оған ұлттық, қазақстандық мазмұн беруге, жаңа технологияларды барынша жедел меңгеруге назар аударылды. Жарлықта алға қойылған міндеттерге сәйкес 1991 жылғы 28 тамызда қабылданған «Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заң толықтырылды[7]. 1999 жылы мемлекеттік емес БАҚ көбейіп, ірі медиа құрылымдарының пайда болуына байланысты оған өзгертулер енгізілді.

Мемлекеттік телеарналардың тілге, ұлттық басқа да құндылықтарға әлі де самарқау екендігіне қынжылады. «Айқын» газетінің 2010 жылғы № 38 санында жарияланған «Қорғансыз қазақ көрерменін кім ойлайды?» деген мақалада «Қазақстандық көрермен көріп отырған көптеген телеөнімдер қазақ халқының табиғи сұранысынан алшақ» делінген [5]. Осыдан арылу үшін автор мемлекет құрушы қазақ ұлтының рухани қажетін өтеуге арналған тележобаларды республикадағы барлық арналардың тұжырымдамасына енгізуді ұсынады. Жастарға қаптап кеткен токшоулардан гөрі ағартушылық мазмұны жоғары телеөнімдер пайдалы екенін атап көрсетеді. «Хабар» агенттігі ақпараттық бағдарламалар дирекциясының атқарушы продюсері Еркін Байғабылұлы («Айқын» 2010 № 205) ақпараттық қауіпсіздік мемлекеттік тіл арқылы сақталатынына мән береді, бірқатар дербес арналарда ел назарын аударатындай жаңа қазақша бағдарламалар жасалмай отырғанына, «31 арна», «7 арна», «НТК», «СТВ» арналары эфирді ресейлік бағдарламалармен толтыратындығына дәлелдер келтіреді [6]. Мұндай көріністерден мемлекеттік арналар да ада емес екенін айта кетейік.

Телеақпараттың қызметіне бір ауыз сөзбен баға берсек, ол күрделі экономикалық қиындықтармен бетпе-бет келе отырып, әлемдік тележүйеге бейімделе алды. Тележурналистика елімізде хабар таратып жатқан шетелдік арналармен бәсекеге түсу үстінде кәсіптік шыңдалды. Қазақстан сырттан ақпарат ала отырып, ғаламға өзін таныстыру мұратын жүзеге асырды.

Қазақстан – халыққа ақпаратты еркін таңдауға ТМД елдерінің ішінде жан-жақты мүмкіндік берген бірден-бір мемлекет. Біздің осы кеңдігімізді сынайтындар да, қолдайтындар да бар. Сынайтындар шетелдік арналар арқылы жететін түрлі хабарлар мен көркем фильмдерде қазақ ұлтының дәстүріне сай келмейтін, жастарды одан тайдыратын әрекеттер насихатталатынын көлденең тартады.

Әдебиеттер

1 Тұрсын Қ. Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары. – Алматы: Білім, 2006. -349 б.
2 Қазақ телевизиясы: энциклопедия/бас. ред. Ғ. Шалахметов. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009.
3 Қазақ телевизиясы: энциклопедия 2-ші том. / шығар., топ. Қ. Тұрсын [ж.б.]. – 2011. – 639 б.
4 Омашев Н.О. Ақпарат әлемі. –А.: Қазығұрт, 2006.
5 «Айқын» газеті, 2010ж., № 38;
6 «Айқын» газеті, 2010ж., № 205;
7 «Ақиқат» журналы, 2014ж.,18 желтоқсан.

References

1 Pipe City. Kazakh telejwrnalïstïkası : formation , development problems. Almaty: Education, 2006. -349 p.
2 Kazakh TV: Encyclopedia / head. Ed. G.Shalakhmetov. Almaty: Kazakhstan , 2009.
3 Kazakh TV: Encyclopedia, Volume 2./., Top. City. Even [etc.]. – 2011. – 639 p.
4 N. O Omashev The world of information. -A.:Kazygurt, 2006 .
5 «Aikyn» newspaper, 2010, № 38;
6 «Aikyn» newspaper, 2010, № 205.
7 «Akikat» magazine, 2014. 18 December.